

Тақырып: ТМД және ҚР бойынша құбыр жолы көлігінің даму ерекшеліктері мен мәселелері

Көлік статистикасында магистральдік құбыржолының жұмысын сипаттайтын негізгі белгілер мыналар: ең ұзын тасымалдау ара қашықтығы, жоғары қысым, мөлшерлі диаметрлер, айдау стансаларының қажеттігі.

Тасымалданатын өнімдердің әр түрлілігіне байланысты құбыр көлігінің түрлерін топтастыру қажеттігі туады (классификацияланады). Магистральді құбыржолдары мұнайжол, өнімжол және газжол болып бөлінеді. Біріншісі, шикі мұнайды өндіру көзінен мұнай өңдеу зауыттарына айдау үшін, екіншісі – дайын мұнай өнімін зауыттан тұтыну аймақтарына тасымалдау үшін, үшіншісі – газды тасымалдайды. Егер өнім жолы магистралы қатаң түрде тек бір ғана мұнайөнімін тасымалдауға арналса, ол сәйкесінше керосин құбыржолы, бензин құбыржолы, май құбыржолы, мазут құбыржолы деп айтылады.

Құбыржолы көлігіне негізінен газжолдары мен мұнайөнімжолдары жатады. Құбыр жолының ескі нұсқалары – бамбуктен жасалған сужолы құбырлары ежелден белгілі. Бірінші мұнайжолдары Америкада ХІХ ғасырдың орта шенінде салынған. Ресейде бірінші мұнайжолы 1870-90 жж. Баку мен Солтүстік Кавказ аймақтарында орыс инженері В.Г.Шуховтың жобасымен салынған. Олардың диаметрлері 100-120 мм, ал ұзындығы 1 мың км-ден жоғары болды.

Газжолдарын салу негізінен 1920-30 жж. басталды. ССРО-да табиғи газды өндіру, өңдеу және тасымалдау екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Газжолы бұл арнайыландырылған жүк түріне арналған магистральді де және жергілікті де көлік түрі болып саналады.

1945-1990 жылдар аралығында құбыржолының кеңінен өріс алуы мен кеңінен пайдаланылуы – ССРО-ның отын-энергетикалық балансының өзгеруі мен ондағы мұнай және газ үлесінің 70-75 % өсуіне негізделген. Әсіресе соның ішіне табиғи газды өндіру, өңдеу және тұтыну жоғарғы қарқынмен өсуде. Газды өндірудің өзіндік құны (жылулық эквиваленті бойынша) шамамен көмірге қарағанда 13 есе, ал мұнайға қарағанда 3 есе аз.

Ресейде негізгі мұнай және газ өндіру көздерінің тұтыну аймақтарынан тым алыс - Солтүстік және Сібірде орналасқандықтан, құбыржол көлігінің маңызы өте зор. Қазақстанда көлік жүйесі жұмысындағы құбыр жолы көлігінің үлесі ұдайы өсуде, мысалы 1995 жылы шамамен оның жүк айналымы 30 %, ал тасымалдау көлемі 7 %-ды құрады (мұнай және газжолдарын қоса есептегенде 6.2 кесте). Құбыржолы жалпыға тән “көлік” түсінігіне толық сәйкес келмейді, мұнда нақты жылжымалы құрам, жол және т.б. жоқ. Мұнда жылжымалы құрам – бұл құбыр жолының өзі. Онда жүк қысым арқылы қозғалады. Құбыржол - әртүрлі диаметрлі металл құбыр. Әр 100-140 км сайын автоматты режиммен жұмыс атқаратын насос станциялары орналастырылады. Газды айдау үшін бір-бірінен 200 км арақашықтықта орналасқан компрессорлы станциялар орнатылады. Құбыржол көлігінің құрылғыларына – бір-бірімен параллельді магистральдарды жалғастыратын, ал бір-бірімен қиылысатын желілерді ажырататын және бөлек телімдерді ажырататын (көбіне жөндеу жұмыстарында пайдаланылады) желілік тораптар жатады.